



СУДЫ ҮНЕМДЕП,
БОЛАШАҚТЫ САҚТА

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



НӘУБЕТТЕР ЖӘНЕ
ТАҒДЫРЛАР

5-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



3 МЫҢ АДАМ
ЖҮГІРДІ

8-БЕТ | СПОРТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ.

№51
(4795)
Сенбі
3 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

СУБҰРҚАҚТАР – ШАҒАР СӘНІ



1 мамырда елордада субұрқақтар қосылып, қаланың көркін жайната түсті. Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, бүгінге дейін барлық субұрқақты консервациялау және қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Аудан әкімдіктері барлық субұрқақты қосуға дайындық жұмысымен айналысуда. Астанада қазір 50-ден аса фонтан бар. Көктемнің шуақты күнімен субұрқақтар жайнап тұр.

СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ ЕРТЕ ӨТЕДІ

Бұл жаңалықты Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі таратты.

«Биылғы оқу жылының ресми аяқталуы жексенбі күніне сәйкес келгендіктен, 11-сынып түлектері үшін салтанатты рәсім мектеп әкімшілігінің шешімімен 23 немесе 24 мамырда өтеді» делінген хабарламада.

Барлық мектеп үшін соңғы оқу күні ретінде 23 мамыр бекітілген. Сол күні ел мектептерінде «Білім – Отаным» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтеді. Министрліктің мәліметінше, биыл 3,9 млн-нан астам оқушы оқу жылын аяқтайды. Ал 217 мың түлек мектеп бітіреді.

РЕЛЬСТІҢ 25 ПАЙЫЗЫ ТӨСЕЛДІ

Елордада LRT желісінің құрылысы жалғасып жатыр. Бұл туралы City Transportation Systems (CTS) компаниясының баспасөз қызметі хабарлады.

«LRT желісі жолының жоғарғы құрылысын салу жұмысы 25 пайызға аяқталды. Бүгінде 22,4 шақырымдық екі жолақты рельстің 5,6 шақырымы төселді. Нысанға арнайы техникалар, яғни маневрлік тартқыш, рельсті экскаватор, сорғысы бар бетон араластырғыш, консольді кран және платформалар жеткізілді» делінген хабарламада.

Құрылыс барысында шу мен діріл деңгейін төмендететін заманауи DTVII2-1 рельс бекіту жүйесі қолданылады.



Астана-Самарқанд бағыты бойынша жаңа әуе рейсі ашылды. Ұшақтар Түркістан қаласына аялдайды. Аталған бағыт бойынша ұшақтар аптасына екі рет, яғни бейсенбі және жексенбі күндері рейс орындайды.

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БӘЙГЕ ТҮРлерінен ӨТЕТІН

«ASTANA CUP»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ

4 МАМЫР

АСТАНА ҚАЛАСЫ, ҚАЗАНАТ ИППОДРОМЫ

Көрсермендер үшін КІРУ ТЕГІН

БАСТАЛУЫ: 12:00

ЖАЛПЫ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

120 000 000 ТҒ

(ЖҮЗ ЖИЫРМА МИЛЛИОН) ТЕҢГЕ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 582.07 \$ USD/KZT 512.34 ₸ RUB/KZT 6.31 ¥ CNY/KZT 70.53

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев федеральдық сайлауда Канада Либералдар партиясының жеңіске жетуіне орай Премьер-министр Марк Карниге құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Астананың Оттавамен көп-жоспарлы серіктестікті жоғары бағалайтынын атап өтті. Сонымен қатар экономиканың түрлі секторындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін растады.

Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров Премьер-министр Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында ажырасқан қазақстандықтарға табыс салығын жоғары мөлшермен салуды ұсынды.

«Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сүйенсек, 2023 жылы елімізде 120,8 мың неке тіркелсе, соның 40,2 мыңы ажырасумен аяқталған. Салдарынан бүгінде 400 мың әйел мен 60 мың еркек жалғызбасты адам кебін құшып отыр» деп сөзін бастаған депутат заң талаптарын қатаңдатууды ұсынды.

САЛЫҚ КӨБЕЙСЕ, АЖЫРАСУ АЗАЯ МА?

Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров Премьер-министр Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында ажырасқан қазақстандықтарға табыс салығын жоғары мөлшермен салуды ұсынды.

«Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сүйенсек, 2023 жылы елімізде 120,8 мың неке тіркелсе, соның 40,2 мыңы ажырасумен аяқталған. Салдарынан бүгінде 400 мың әйел мен 60 мың еркек жалғызбасты адам кебін құшып отыр» деп сөзін бастаған депутат заң талаптарын қатаңдатууды ұсынды.

Ресми түрде ажырасқан тұлғаларға салынатын салық өсе бермек.

«Ажырасуға өтініш білдірген ерлі-зайыптылардың біржақты шешімі негізінде сотқа арыз қабылданбас бұрын арнайы мемлекеттік баж немесе жарна төлеу тәртібін енгізу қажет. Бұл төлемнің көлемі едәуір жоғары болуы тиіс. Сонымен

қатар ресми түрде ажырасқан тұлғалар үшін табыс салығының мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру қарастырылсын» деген ұсынысын айтты ол.

Сондай-ақ отбасы мәселесінде әулеттің үлкендерін тыңдау, дау-дамайды бітіммен шешу тәжірибесін заманауи форматта қолдану үшін ардагерлер алқасы, имамдар, әйелдер кеңесі сынды консультативтік-кеңесші органдардың әлеуетін пайдалануды ұсынды.

«Ажырасуға өтініш берген ерлі-зайыптылардың ісі сотқа жетпей тұрып, алдын ала осы кеңестердің қарауына ұсынылып, бітімгершілік және татуласу бағытында жұмыс жүргізілсе, көптеген отбасының сақталып қалуына мүмкіндік

туар еді» деді Ардақ Назаров. Мәжіліс депутаты «Жас отбасы» ұлттық бағдарламасын әзірлеу туралы да ұсыныс айтты.

«Үйлену тойларын өткізу үшін ғана несие рәсімдеуге жол бермеу жөнінде кең көлемді ақпарат-идеология науқанын жүргізу керек. Қазіргі қоғамда екі жастың үйлену тойына байланысты қарызға бату, банктен несие алу жиілеп кетті. Бір сәттік салтанат үшін бірнеше жыл несие төлеу жас отбасының берекесін кепіріп, экономикалық тәуелсіздігіне кері әсер етеді. Осыған байланысты Үкіметке жастар арасында қаржы сауатын арттыру, несиеге той жасамау жөнінде жалпыхалықтық ақпарат-идеология қозғалысын бастауды ұсынамын» деді ол.



МӘМС-тен ТЫС ҚАЛҒАНДАР НЕ ІСТЕЙДІ?

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова МӘМС жүйесінен тыс қалған 3,3 млн адамның мәселесіне қатысты пікір білдірді. Оның арасында 1 млн адам жергілікті атқарушы органдар есебінен МӘМС-ке енгізілмек.

Жуырда Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасында жергілікті бюджет қаражаты есебінен жұмыссыздар мен халықтың осал тобы санатындағы адамдар үшін МӘМС жарналарын төлеу ескерілген. Осы іс-шаралардың есебінен 2026 жылы МӘМС жүйесімен қосымша 1 млн-

нан астам адам қамтылады. Жалпы отырыстан кейін тілшілер қалған 2 млн-нан астам адам МӘМС жүйесімен қалай қамтылатынын сұрады.

«Бұл адамдарды МӘМС-ке мәжбүрлеп кіргізу жүйесі қарастырылмаған. Басқа мемлекеттерде жеке адамдардың медициналық сақтандыру жүйесіне жарнаның уақытылы төленуін қаржы министрліктері қадағалайды. Қазақстанда бұл мәселе әлі де заңнама аясында шешімін таппады. Сондықтан еліміздегі адамдар оны өзі

шешеді, яғни жарна төлесе, тиісті көмекті алады. 20 млн адамның 12,1 миллионына мемлекет төлеп жатыр. Тағы 1 млн адамды жергілікті атқарушы органдардың есебінен МӘМС жүйесіне енгізуді ұсынып отырмыз. Жалпы мүгедектігі бар адамдардың санатына жатпаса, көпбалалы ана немесе студент болмаса, ресми түрде жұмыссыз атанбаса, онда бұл адамдар өздерінің қаражаты есебінен МӘМС жүйесіне қосылуы керек» деп түсіндірді А.Әлназарова.

475 КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТ ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссия отырысын өткізді. Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының орындалу барысы қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин мемлекеттің экономикадағы үлесін төмендету, орта бизнестің ЖІӨ-ге үлесін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Мемлекеттің экономикаға қатысуын тек әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық секторлармен

шектеу жоспарлануда. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров бәсекелестіктің дамуын тежейтін кедергілерді жою бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар туралы айтты.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттің қатысуымен жекешелендіруге, біріктіруге немесе таратылуға жататын

475 кәсіпкерлік субъект тізімі бекітілді. Жұмыс 2030 жылға дейін кезең-кезеңімен іске асырылады, бұл ретте кәсіпорындардың жартысынан көбі 2025-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілген. Премьер-министр Жарлықтың белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы керектігін қадап айтты.



СЕРУЕНДЕЙТІН ОРЫНДАР КӨБЕЙЕДІ

Елордада серуендеуге арналған орындардың көбірек болуы үшін тиісті жұмыс жүргізілуде. Биыл 180-нен астам аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Қаланың барлық ауданында жұмыс жүріп жатыр. Абаттандыру барысында көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Биыл тағы 1 миллионнан астам жасыл желек (ағаштар, көшеттер, бұталар және т. б.) отырғызамыз. Мысалы, Алматы ауданында мына орындар абаттандырылады: Қ.Мұңайтпасов көшесі (Тәуелсіздік даңғылынан М.Жұмабаев даңғылына дейін); М.Жұмабаев даңғылы (Қ.Мұңайтпасов көшесінен Б.Майлин көшесіне дейін); Керегетас көшесінің учаскесіндегі гүлзар (Теміржолшылар елді мекені); Қ.Рысқұлбеков көшесі (Абылай хан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына дейін); әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының алдындағы алаң, Абылай хан даңғылы, «Күйшілер» аллеясы (Күйші Дина көшесінен Б.Майлин көшесіне дейін), Келес көшесі учаскесіндегі гүлзар (Оңтүстік-шығыс ш/а) және тағы басқалар» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Елорда әкімі Сарыарқа ауданында ескі гараждар мен Шынтас көшесіндегі бос жерлердің орнына қоғамдық кеңістік ашылатынын хабарлады. Мұнда демалуға арналған жайлы алаң мен балаларға арналған ойын алаңы болады. Сондай-ақ Гете мен Алтынемел көшелерінің қиылысында бұзылған апатты үйдің орнында жаңа қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы басталды.

«Сарайшық ауданында да жаңа қоғамдық кеңістіктер ашылады: А.Байтұрсынов көшесі – Тәуелсіздік даңғылы – Р.Қошқарбаев даңғылы және «Гранд Астана» ТК (Ж.Нәжімеденов көшесі – Тәуелсіздік даңғылы), Т.Жүргенов көшесі, 27/1 және 28/1 бойында жұмысшы мандықтар аллеясы және тағы басқа жерлерде қоғамдық кеңістік ашылады. Байқоңыр ауданындағы «Тұлпар» сауда орталығының алдында орналасқан ескі үйлер мен ескі сауда нысандарының орнында жаңа қоғамдық кеңістік ашылады. Жоба жаяу жүргіншілер кеңістігін, қала тұрғындары үшін демалыс аймағын ашу-

ды, сондай-ақ көгалдандыру мен жарықтандыру жұмысын қамтиды. Аталған жұмыстар кезең-кезеңімен орындалады.

Жеңіс Қасымбек Есіл мен Нұра аудандарында да абаттандыру, көгалдандыру бойынша кешенді жұмыс жүріп жатқанын жеткізді.

«Мысалы, Хусейн Бен Талал, Ә.Кекілбаев, Жошы хан көшелерінің бойына, Ботаникалық баққа, Желілік саябаққа, Г.Әлиев көшесіне, «Астана Балет» театрының жанына, ЭКСПО аумағына 6 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Сондай-ақ Керей мен Жәнібек хандар көшесінің (Ә.Бөкейхан көшесінен әл-Фараби даңғылына дейін) бойындағы учаске көгалдандырылды. Нұра ауданындағы Бухарест алаңы, орталық саябақ және тағы басқа кешендер абаттандырылады. Ал Үркер елді мекенінде 2 гүлзар ашылады. Олардың бірі Сырым батыр көшесінде орналасса, екіншісі Үркер елді мекеніндегі спорт инфрақұрылымының бір бөлігі болады» деп түсіндірді әкім.



ЕРЛІК ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕР ЖАРЫҚ КӨРДІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қала әкімдігі қызметкерлері, қалалық мәслихат депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, тарихшы ғалымдар, ардагерлер, әскери қызметкерлер қатысқан жиынды Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп ашып, жүргізіп отырды.

Іс-шараны ұйымдастырудағы мақсатын айтып өткен ол «Бұл соғыстың от-жалынды жылдарында біздің аталарымыз елін, жерін қорғау жолында ерлік пен жанқиярлықтың ерен үлгісін көрсетті. Кешегі Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Нұркен Әбдіров, Сұлтан Баймағамбетов сынды көптеген батырларымыз ерліктің өшпес ізін танытты. Бұлар елге тек бейбіт өмірді ғана сыйламай, тәуелсіздік пен болашақтың негізі қалануы үшін қан төкті» деген Сәкен Есіркеп ақмолалықтардың Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске қосқан үлесіне тоқталды.

«Ақмола өңірі соғыс жылдарында ерен еңбек пен ерліктің символына айналды. Майдан даласында мыңдаған сарбаздары соғысқан Ақмола жұрты тыным таппай, майданға азық-түлік, киім-кешек, техника жөнелтті. Фотоальбом сол бір ауыр жылдар туралы сыр шертеді. Бұл жинақта ақмолалық жауынгерлердің ерліктері, тылдағы аналарымыз бен балалардың еңбегі, майдан мен бейбіт өмірдің қилы сәттері бейнеленген. Бұл тек суреттер емес, әр кадр – батырлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің, өшпес рухтың көрінісі» деді Сәкен Есіркеп.

Генерал-лейтенант, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев соғыс жылдарындағы тарих беттері әлі толығымен ашылмағанын, кейбір батырлардың ерлігін ел енді ғана біліп жатқанын айтты.

«Потсдам қаласында 6 жыл полк командирі болдым. Сонда Бруно деген неміс: «Сендер қазақсыңдар ғой. Рейхстагқа сендердің аталарың Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын тіккенің білесіңдер ме?» деді. Соны бізге, қазақтарға айтты. Сол кезде бір жағынан төбем көкке жетсе, бір жағынан қатты ұялдым. Қошқарбаев туралы естуім бар болса да, нақты



Кеше Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен елорданың Мемлекеттік архиві Ұлттық академиялық кітапханада Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» атты дөңгелек үстел отырысын өткізді. Соның аясында Ұлы Отан соғысынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылып, «Ақмола Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында» фотоальбомының және «Естелікке айналған есімдер» аталатын Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ақмола қалалық (аудандық) әскери комиссариаттан шақырылғандардың электрондық деректер базасының тұсауы кесілді.

ештеңе білмеуші едім. Содан кейін солдаттарды жинап, саяси бөлімнің жетекшісіне «әр жексенбі сайын жауынгерлерді Рейхстагтың жанына апар» деп тапсырма бердім. Солдаттар көздері жайнап, қуанып, тарихи ғимараттың жанында суретке түсетін болды» деді Бақытжан Ертаев.


«Táuelsiz qazaqstanınyı halyq batırlary» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы екенін айтып өткен ол Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы Ақтөбеде аталып өтетінін, аталмыш ұйым соған дайындық жүргізіп жатқанын жеткізді. Балаларды, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеудің мән-маңызына тоқталды.

Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов әр қазақтың отбасын соғыс өрті шарпып

өткенін, Ақмола өңірінен 1941 жылдың 1 шілде күні 310-дивизия Ленинград майданына аттанғанын, оның сапында атасы Игісін болып, Эстонияда қазақ тапқанын айтып өтті.

«Соғыс жылдарын ешқашан ұмытпауымыз керек. Батырларымыз туралы балаларымызға, жастарға, немерелерімізге жеткізуіміз қажет. Ақмола облысынан елге, кезіндегі бүкіл Одаққа танымал батырлар шықты» деген Сансызбай Есілов еке мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдиновпен кездескен сәтті еске алды.

«Батырды шығарып саларда ескі әуежайға бардым. Кешігіңкіреп келіп, кірсем, Талғат аға жоқ. Жиналғандардан сұрасам «Ұшу жолағына шығатын шыны есіктің алдында толғанып тұр»



деді. Шынымен солай екен. «Аға, не болып қалды, ауырып қалған жоқсыз ба?» деп сұрадым. «Сансызбай, ана көлдің атың білесің бе?» деді. «Осы жердің тумасымын ғой, әрине, білемін, Майбалық» деп жауап бердім. «Сол Майбалық пен ұшу жолағының ортасындағы кішкентай ауылда мен туғанмын» деді батыр дауысы дірілдеп» деген деректі алғаттты Сансызбай Есілов.

Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің күнделікті жұмысы да, жоспарлары да батырлардың ерлігін насихаттап, жастарға жеткізу екенін айтқан аталмыш ұйым төрағасы Ұлы Отан соғысы туралы интернеттегі теріс ақпарат оны қатты толғандыратынын жеткізді. Соғыс ардагерлері күннен-күнге азайып жатқанын, күні

кеше ғана екі ардагер дүниеден өтіп, бас қалада енді 2 майдангер ғана қалғанын айтты.

Астана қаласы мәслихатының депутаты, генерал-майор Кендебай Адамбек мәслихат ардагерлерді қолдау, жәрдем беру, тарихи жадыны есте сақтау жұмыстарына жете көңіл бөлетінін айта келе, Аманат партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» жобасына былтырдан бері 7000-ға тарта адам тартылып, 500-ге жуық іс-шара өткенін жеткізді. Әлеуметтік желі мен БАҚ-қа 500-ден астам мақала мен постер шыққанын тілге тиек етті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай бүгінгі заман технологияларын қолданып, Екінші дүниежүзілік соғыс батырларын насихаттаудың мән-маңызына тоқтала келе, ақмолалықтардың электрондық деректер базасы жасалғаны дұрыс болғанын жеткізді.

Қорғаныс министрлігінің Астана қаласы бойынша Ардагерлер ұйымының төрағасы, Генералдар кеңесі төрағасының орынбасары, авиация генерал-майоры Алсай Жұманов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяған, мемлекет қайраткері Мейірболат Жақып, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов тақырып бойынша пікірлерін айтты.

«Ақмола Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында» фотоальбомын құрастырушылар Астана қаласы Мемлекеттік архив директоры Жангелді Бимолдин, мекеме қызметкерлері Тілеуғали Қышқашбай, Ғазиза Исахан және әскери оқытушы Асқар Макипов. Архив директоры фотоальбом мен электрондық деректер базасын таныстырды. Бұл базада Екінші дүниежүзілік соғысқа Ақмоладан аттанған сарбаздар туралы мәліметтер жинақталған. Тілеуғали Қышқашбай 5 мамыр күні Қазақстан Республикасының Президенттік орталығында архивтің Жеңістің 80 жылдығына арналған тағы бір жобасы «Әлмұқан Сембинов. Тағдыры тарихқа айналған...» кітабының тұсаукесері мен «Ерлік дастаны» атты тарихи-деректі көрменің ашылуы өтетінін жеткізді. Іс-шараны тәжік-ауған соғысының қатысушысы Мұрат Тұрабаев ерлік даңқы туралы өлеңімен түйіндеді.

ЭЛЕКТРЛІ СКУТЕРЛЕР – ҰҢҒАЙЛЫ КӨЛІК

Елордадағы Ғашықтар саябағында электрлі скутерлерді көліктің экологиялық тазалығы және ыңғайлы түрі ретінде насихаттауға арналған промоакция өтті.



Қатысушылар арасында Нұра ауданы әкімдігінің, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің, Астана полиция департаментінің, JET, Whoosh, Яндекс Go компанияларының, Q88 аумақтарды тұрақты дамыту қауымдастықтарының, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері, сондай-ақ елорда тұрғындары мен қонақтары болды.

Іс-шараны Нұра ауданы әкімдігінің қолдауымен қоғамдық ұйымдар мен кик-

шеринг компаниялары ұйымдастырды. Акцияның басты мақсаты – электр скутермен қауіпсіз жүру мәдениетін арттыру, пайдалану ережелерін үйрету және жол қозғалысы ережелерін еске салу.

Акцияға қатысушылар қауіпсіз жүргізуді үйретіп, кикшеринг операторларынан практикалық кеңестер, жол қозғалысы ережелері бойынша кеңестер алды. Сондай-ақ фотоаймақтар мен интерактивті байланыс ұйымдастырылды.


Астана қаласындағы кәсіби-техникалық колледжде «Репродуктивті денсаулықты сақтау – болашақтың негізі» атты семинар өтті. Астана қаласының Жастар саясаты басқармасы мен «Даму қазақстандық қауымдастығының» ұйымдастыруымен өткен іс-шараға 40 шақты студент қатысты.

РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ – БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ

«Даму қазақстандық қауымдастығы» үкіметтік емес ұйымының директоры Анар Бітібаева-ның айтуынша, бұл іс-шара Жастар саясаты басқармасының «Отбасы – бақыт мекені» жобасының аясында өтті. Жобаның мақсаты – отбасы институтын қалыптастыру және бекіту. Семинарда студенттерге репродуктивті денсаулық жөнінде кеңі-

нен түсіндіріліп, талқыланды. Бұл үшін «Ана мен бала» орталығынан тәжірибелі дәрігерлер шақырылды. Мұндағы негізгі мақсат – жастарға отбасын, баланы түрде құру қажеттігін, болашақ ата-ананың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау керек екенін ұғындыру. Семинарға арнайы шақырылған «Ана мен бала» орталығындағы бөлімше

басшысы, дәрігер Алмаш Бекмұхамбетова мұндай іс-шара бірінші рет емес, жиі ұйымдастырылатынын жеткізді. Ол жастарға қашанда өздерін мазалап жүрген мәселелерді сұраудан, денсаулығын тексеруден ұялмауға кеңес берді. Іс-шара барысында студенттер дәрігерге тақырыпқа қатысты сауалдар қойып, тұшымды жауаптар алды.



Райхан
РАХМЕТОВА

Су – тіршілік көзі, онсыз өмір сүру мүмкін емес. Өкінішке қарай, әлемде су қоры шектеулі. Жердің 70 пайыздан астам бөлігін су алып жатыр. Жер бетінде су көп секілді көрінгенмен, БҰҰ дерегі бойынша адамзатқа қолжетімді тұщы су әлемдегі жалпы су қорының 1 пайызынан да кем. Ауыз сусыз адамдар да, жан-жануарлар мен өсімдіктер де өмір сүре алмайды. Әлем бойынша 2 миллиардтан астам адамға ауыз су қолжетімсіз.

Президенттік жастар кадрлық резерві форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ең алдымен суды үнемдейтін технологияларды енгізген жөн. Су тұтыну мәдениетін қалыптастыруда қоғамдық жұмыстарды жүзеге асыру қажет, себебі біз суды қалай болса солай тұтынамыз. Елді сумен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет, ол – мемлекеттің қауіпсіздік мәселесі» деген болатын. Осыған орай, Қазақстанда 2024-2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша іс-қимыл жоспары әзірленген. Соның ішінде су көздеріне мұқият қарау және оларды сақтау тәсілдері туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған ауқымды ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу деген пункт бар. Сол бағытта дайындалған жоба Су ресурстары және ирригация министрлігінің бастамасымен, Су ресурстарының ақпарат-талдау орталығы, Оқу-ағарту министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана қаласының Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы, ERG компаниясы және «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен іске асуда. Бағдарлама суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыруға, халық үшін тиімді шешімдер енгізу, судың құндылығын түсіндіруге бағытталған. Себебі елімізде су ресурстарының 50 пайызға жуығы тиімсіз пайдаланылады екен. Сондықтан бастама аясында ағартушылық іс-шаралар өтуде.

– Мақсат – су тапшылығы мен оны үнемдеу әдістері туралы халыққа кеңінен ақпарат беру, суды үнемді пайдалануға қатысты жауапкершілікті күшейту, осы бағытта инновациялық технологиялар мен шешімдерді насихаттау. Су ресурстарын қорғау бойынша бастамаларды жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдары мен бизнесті, мемлекет арасындағы серіктестікті дамыту көзделуде. Мектептердің білім беру бағдарламасына осы тұжырымдаманы енгізу жоспарда бар, – дейді «Су ресурстары ақпарат-талдау орталығы» КЕАҚ басқарма төрағасы Қайратғали Хайрулла. Жобаны жүзеге асыру үшін 10 іс-шара өткізуге жоспар бекітілді. Атап айтқанда, жоспарда бірыңғай қалалық экосағат, сурет байқауы, эко-ойындар фестивалі, квест, қалалық фестивалі, эколагер ұйымдастыру, экоертегі табигер шығару, өндіріс нысандарына экскурсияға бару, мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау, бейнеролик байқауын өткізу бар. Жыл соңына дейін жалғасын табатын қанатқақты жобаға 17 наурызда Астанадағы №104 мектепте Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің өзі қатысып, өткізген алғашқы жалпықалалық сынып сағатынан бастау алды. Сынып сағатын бастан-аяқ өзі жүргізген министр балаларға су тапшылығы мәселесіне қатысты елдегі және



СУДЫ ҮНЕМДЕП, БОЛАШАҚТЫ САҚТА!

Келешекте әлемде ауыз су тапшылығы мәселесі туындауы мүмкін. Бұған су тұтыну салаларының көбеюі, табиғи су көздерінің тартылуы, жалпы табиғаттағы көптеген өзгеріс себеп болуда. Оның үстіне қазіргі адамдардың көбінің суды үнемдеп қолдану мәдениеті төмен. Осыған орай, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарының ақпарат-талдау орталығы «Суды үнемде – болашақты сақта!» бағдарламалық тұжырымдамасын әзірлеп шығарды. Тұжырымдаманың мақсатты аудиториясы – оқушылар, білім беру ұйымдары және бизнес саласы.

ЕЛІМІЗДЕ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ 50 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ТИІМСІЗ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ ЕКЕН

әлемдегі ахуалды түсіндіріп, суды үнемдеудің маңызына тоқталды және оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Ал 18 сәуірде бүкіл республика бойынша мектептерде осындай сағаттар өтіп, оған 700 мыңнан астам оқушы қатысты.

– Бүгінгі таңда су тапшылығы дүние жүзі бойынша ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Климат өзгеріп, жазда өте ыстық, ал қыстың аязы азайып, құрғақшылық жиі қайталанып отыр. Бұл өзгерістер әлемдегі су ресурстарына да кері әсер етуде. Бізден кейінгі ұрпаққа су қолжетімді бола ма, жоқ

па, бұл бәрімізге байланысты екенін түсінуіміз керек. Қазақстанда экономика мен азаматтардың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын судың 60 пайызы ауыл шаруашылығына жұмсалады. 30 пайызы өнеркәсіп қажеттілігіне және шамамен 5 пайызы тұрмысқа, коммуналдық шаруашылыққа пайдаланылады. Бұл ретте Қазақстанның су ресурстарының 55 пайызы еліміздің аумағында бойынша мектептерде осындай сағаттар өтіп, оған 700 мыңнан астам оқушы қатысты.

Бағалы ресурсты сақтауға көмектесетін қарапайым әдеттер:



1. Ваннаның орнына душ қабылдаңыз – осылайша сіз ондаған литр су үнемдейсіз. 2. Тіс тазалаған кезде суды өшіріңіз – бұл су шығынын бірнеше есе азайтады. 3. Көкөністер мен жемістерді жуған суды үй өсімдіктерін суаруға пайдаланыңыз. 4. Кір жуатын және ыдыс жуатын машиналарды тек толық жүктемемен ғана қосыңыз. – Күн сайын тіс жуғанда суды стаканға құйып жуу арқылы бір адамнан жылына 6300 литр су үнемдеуге болады. Ал ванна орнына душ қабылдау арқылы әр адамнан жылына 15600 литр су үнемделеді, жеміс-жидектер мен көкөністерді кранның астына емес, ыдысқа су құйып жуу әр адамнан жылына 1500 литр су үнемдеуге септік етеді. Егер әрқайсымыз осы қарапайым ережелерді сақтасақ, су шығынын едәуір азайтып, оны болашақ ұрпаққа сақтай аламыз, – деді министр.

Жоспарға сәйкес, балалар арасында республикалық сурет байқауы өтті. Оған қатысу үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңнан астам сурет келіп түсті. Соның 884-і техникалық іріктеуден өтті. Нәтижесінде ең үздік туындылар анықталып, жеңімпаз балаларға бағалы сыйлықтар, ал мұғалімдерге алғыс хаттар табыс етілді.

Бағдарламаның кейіпкері ретінде Тамшы алынды. Тамшының суретімен суды үнемдеуге шақыратын түрлі ақпарат-насихат материалдары қоғамдық орындарда, автобустарда, әкімшілік ғимараттарда, аялдамаларда және басқа да жерлерде ілінеді. «Су – тіршілік көзі, үнемді пайдалан!» және басқа да ұрандармен көшелерде билбордтар ілу және экология тақырыптарына арналған ертегі кітаптар шығару жоспарлануда. Бастама көтерген министрлік бағдарламаның еліміз бен оның болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін еске сала келе, оны толық тиімді жүзеге асыру үшін басқа да құзырлы органдарды бұған қолдау білдіріп, бірлесе атсалысуға шақырады.

3 АУЛА ЖАҢАРДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні Байқоңыр ауданында кешенді абаттандырылған 3 аула салтанатты түрде ашылып, пайдалануға берілді.

Аудан әкімі Талғат Рахманбердінің айтуынша, бүгінгі таңда Байқоңыр ауданында 245 аула бар. 2024 жылы олардың жартысынан астамы, нақтырақ айтсақ, 132 аула жөнделді.

– Биыл барлығы 88 аула аумағын абаттандыру жоспарланып отыр. Бүгінге дейін 18 аула абаттандырылды. Солардың 3-еуі – Республика даңғылындағы №30, Абай көшесіндегі №28 және №30 үйлердің маңындағы аулалар. Бұл үйлердің балалары бірге ойнайды, бір-бірін біледі. Көктемнің ауа райы да қолайлы болып, бізге құрылыс маусымын ертерек бастауға мүмкіндік берді. Бюджет қаражаты да уақытылы бөлінді. Сондықтан биыл барлығы жоспар бойынша жүріп жатыр және 1 қыркүйекке дейін тағы 15 аула ашуды және 70 аулада күрделі жөндеу

бюджет» жобасы аясында тек жекелеген аулалар ғана емес, бүкіл қала абаттандырылып, айналаға әдемі гүлдер мен ағаштар отырғызылды, көше бойы көпшіліктің серуендеуіне жан-жақты жағдай жасайтын заманауи сәнді жинақтармен безендірілді. Республика даңғылы бойындағы №30 тұрғын үйдің меншік иесі бірлестігінің төрайымы Диана Ыдырысова тұрғындардың тікелей араласуы арқасында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ауланың жаңаша жанданғанына қуанышын жасыра алмады. «Осы үйдің тұрғыны ретінде біздің ұсынысымызды қолдап, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне барлық жоспар бойынша Байқоңыр ауданының әкімдігіне алғысымды айтамын» деді МИБ жетекшісі.



жұмысын жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді аудан басшысы.

«Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінімдер жылдың басында қабылданып, наурыз айының соңында аяқталады. Сондықтан 2025 жылға арналған өтінімдердің барлығы қабылданды. Байқоңыр ауданында тұрғын үй аулаларын абаттандыру жұмысы қазан айының соңына дейін жалғасады.

Аулаларды абаттандыру жұмысы аясында балаларға арналған ойын алаңдары жаңартылып, workout-құрылғылары орнатылды, сондай-ақ демалыс аймақтары жасақталып, жарықтандыру жүргізілді. Бұл ретте «Халық қатысатын

Жаңартылған аулаға тұрғындар да дән риза. Солардың бірі – Жазира Ибраева. Ол бұған дейін тұрғындардың бірлесіп МИБ-ке өтініш білдіргенін, әкімдік сол ұсынысты қолдап, нәтижесінде керемет жайлы аула пайда болғанын, осындай игі ісі үшін әкімдіктеріге алғысын жеткізді. – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында ауламыз абаттандырылып, салтанатты түрде ашылып жатыр. Игі іс барлық тұрғынға қуаныш сыйлап отыр. Балаларға ойын алаңы, үлкендерге демалыс аймағы қарастырылған. Барша тұрғындар атынан әкімдікке және осы іске үлес қосқан барлық азаматқа алғыс айтамын, – деді аула тұрғыны.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Жыл басынан бері алғашқы үш айда елордалық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне азаматтардан 1500-ден астам өтініш келіп түсті.

Елорданың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының міндетін атқарушы Ғалымжан Лиясов осы уақыт ішінде мемлекеттік орган қандай жұмыс атқарғаны туралы мәлімдеді. 2025 жылдың бірінші тоқсанында департаментке елордалық тұтынушылардан 1500-ден астам өтініш, оның 1200-і E-otinish порталы арқылы келіп түсті. – Тұтынушылардың құқығын бұзғаны үшін шағымдарды қарау нәтижелері бойынша бұрын 27 кәсіпкер «ескертуді» түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 2025 жылғы

15 наурыздан бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне кейбір өзгерістер енгізілді. Сонымен, «ескертуді» түріндегі жаза жойылды, алғаш рет бұзылған жағдайда бірден айыппұл салынады. Айыппұл мөлшері жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 20 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 30 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін 50 АЕК құрайды, – деді департамент өкілі. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 41 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 1397 мың теңге сомасына 23 айыппұл салынды, 10 кәсіпкерге қатысты материалдар қарау сатысында тұр.



Осы ғылыми жоба аясында киелі Түркістан жеріне де ат басын бұрып, осы аймақтағы жергілікті тарихшылармен, көнекөз қариялармен, журналистермен, мәліметтерді беріп, бірінен соң бірі келген ашаршылық, Созақ көтерілісіне қатысты саяси қуғын-сүргін, соғысты да аласапыран заманның куәгерлерінің ұрпақтарымен сұхбат жүргіздім.

Түркістан облысы Созақ ауданының тумасы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директорының халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Жомарт Жәніс қилы заман кезіндегі өз отбасына қатысты өңгіменің ұшын шығарып, өзінің нағашысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Тұрсын Төрехановтың тағдыры туралы отбасылық жазбалар мен құжаттарын бөлісті. Бұдан өзге, Тұрсын Төрехановтың ұлы Қонысбай Тұрсынұлы, Тұрсын атамыздың інісі Ұлы Отан соғысының қазіргі көзі тірі ардагері Мырзахмет Жылысбаев, жиені созақтық ақын-журналист Мақсат Қарғабай, ардагер-журналист Ө.Қырғызбаевтың естеліктерін тапсырып, ардагер тағдырына тереңірек үңілуге мүмкіндік берді.

Тұрсын Төреханов 1914 жылы сәуір айында Молотов селолық советіне қарасты Қозмолдақ колхозында (бұрынғы Түркістан уезінің Көкшекұмыр болысында) дүниеге келеді. Ауылда Рысмет молдадан ескіше сауат ашып, қызыл отауда жаңаша әріп таниды. 1928-1930 жылдары Созақтағы Ленин атындағы жеті жылдық мектепте оқиды. Ауданда халық ағарту саласында жылдық мектепте сабақ бере алатын арнайы білімі бар маман кадрларының тапшылығынан 16 жастағы Тұрсын Төреханов өзі туып-өскен Қозмолдақ колхозындағы бастауыш мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастап, ұстаздық қызметін 1931-1932 жылдары Сызғандағы бастауыш мектепте мұғалім болып жалғастырады.

1932 жылы Қостанай қаласында жеті жылдық мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пані мұғалімдерін қайта дайындау курсынан өтіп келіп, Созақтағы Ленин атындағы жеті жылдық мектепте мұғалім болып ауысады. 1935-1938 жылдар аралығында Жамбыл қаласындағы педагогикалық училищені бастауыш мектеп мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады да, 1938-1942 жылдар аралығында Ленин атындағы орта мектептің директоры болып еңбек етеді.

Төреханов Тұрсынның әкесі Баймұратұлы Төрехан тумысынан мейрімді, жетім-жесірге қамқоршы кісі болған екен. 1933 жылғы аштықта ағайындарына «құм жағалап күн көріңдер, ең болмаса екі жанұядан тұқым қалсын» деп екі ағайынның баласын жібермей алып қалып, ашаршылықтан аман сақтап қалады. Кейін құмдағы ағайындары арып-ашып, аман-есен елге келіп қосылады.

1937 жылдары жаппай қуғын-сүргін басталып, қазақтың оқыған, сауатты, абыройлы кісілеріне «халық жауы» деген жала жабылып, талай жазықсыз кісілер алды атылып, соңы итжеккенге айдалып, ұзақ жылға сотталады.

Бір күні аудан орталығынан келген білім бөлімнің бастығы қараптан қарап, мектеп директоры Төреханов Тұрсынның көзінше қарт ұстаз Валиев Зайнешке «Сен ишанның баласысың» деп тиісе сөйлейді. Әдепсіздік пен әділетсіздік-

НӘУБЕТТЕР ЖӘНЕ ТАҒДЫРЛАР

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының айналысып жатқан «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы бойынша ғылыми-ізвестіру жұмыстары барысында ХХ ғасырдың бірінші жартысында кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі қазақтың басына түскен нәубеттермен бетпе-бет келген талай тағдырлармен танысудың сәті түсті.



ке шыдамайтын Тұрсын, сол кезде ұстазын қорғап араға түседі. Оның осы әрекеті кейін басына сор болып жабысады. Сол жылдары Тұрсынның әкесі Төрехан да кеңес өкіметіне қарсы Созақ көтерілісіне қатысты деген жаламен тергеусіз, дәлелсіз Қарағандыға этаппен айдалып кетеді. Тұрсын болса халық жауының баласы деген жаламен қызметтен босап, ауылға келеді. Ауылдағы колхозшылардың жалпы жиналысында Тұрсынның әділдігі мен адамгершілігін бағалай отырып аш-жалаңаштарға быламық тарату бойынша (продрпомощь) бастық етіп сайлайды.

Арада екі-үш ай уақыт өткенде әкесі Төреханның еш жазығы жоқ екені анықталып, Қарағандыдан ақталып келеді де, Тұрсын өзінің қызметіне қайта келеді. Созақтағы жетім балалар үйі Түркістан қала-

Тұрсын Төрехановтың өкіл ұлы Мәлібек Төреханов бұл мектепте еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесі Кемел Тоқаевпен бір сыныпта оқиды (1-қатарда 1-суретте – Мәлібек, 8-суретте – Кемел Тоқаев). Кемел Тоқаевтан басқа сыныпта болашақ жазушы Амантай Байтанаев та оқыған болатын



сына көшірілгенше қамкөңіл балалардың өкіл әкесі болып, тағдырдың ауыртпашылығын бірге көтеріседі.

Тұрсын осы қызметте жүргенде талай тәрбиеленушілерді Түркістандағы балалар үйіне жіберіп, талайын аштықтан арашалап қалады. Қиын шақта Тұрсынның сөз жәрдемі мен қол жәрдемін көрген сол тәрбиеленушілер кейінге дейін хат жазып, хабарласып, өздеріне ағалық парызын көрсеткен ұстаздарына шынайы сезімдерін білдіріп тұрды.

Сондай аштық тауқыметіне ұшыраған балалардың бірі Мәлібек Төреханов болды. Созақтағы Күмісті мен Көктөбенің арасындағы сұрлеу жолдың бойында аштықтан ажал құшқан кісінің жанында «ата-лап» жылап отырған сегіз жасар баланы тауып алған бір жолашушы оны Созақтағы Тұрсын басшылық ететін балалар үйіне әкеліп өткізеді. Елгезек, білім алуға құштар Мәлібекті өзінің тегіне жаздырып алып, туған баласындай бауырына басады. Кейін аштықтың беті қайтып,

Тоқаев). Кемел Тоқаевтан басқа сыныпта болашақ жазушы Амантай Байтанаев та оқыған болатын. Амантайдың ағасы Әбіш Байтанаев осы сыныпқа сабақ берді. Бір сыныпта оқыған 25 баланың барлығы мектепті бітірген соң Отан қорғауға майданға аттанады. Майданнан інісінен Тұрсын Төрехановқа «Ұлыңыздың тілеуін тілеп жүріңіз!» деген хаттары келіп тұрады.

Жұырда Төреханов Мәлібек Баймұратұлының жатқан жері араға 83 жыл салып анықталды. Мәлібек Баймұратұлы Шымкент әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, алғашқы әскери дайындықтан өтті. Бейбіт өмірді артқа тастап, жастық шағын қару-жарақ ұстауға арнаған боздақ, өзге де мыңдаған жауынгерлер секілді, әскери дайындықтан кейін, Ленинград облысы Волхов қаласындағы 461-атқыштар полкі, 142-атқыштар дивизиясы майданына жіберілді. Мәлібек Баймұратұлы 142-атқыштар дивизиясы, 461-атқыштар полкі құрамында 1941 жылдың 7 тамызына дейін шайқасып, 2222-эвакуациялық госпиталь түсіп, 17-Волховский әскери жөнелту пунктке госпитальға ауыстырылады. Кейінірек оны 3-атқыштар бригадасының 8-Армиясы, 11-Армия, Солтүстік-Батыс майданы, Солтүстік майданына ауыстырды. Соңғы шайқасқан жері, 1-гвардиялық атқыштар бригадасында, қысқы шайқастар ерекше ауыр өтті. Суық, аштық, оқтың арасындағы өмір – майдангерлер үшін күнделікті шындыққа айналды. Бірақ олар жауға қарсы қаймықпай күресті. 1942 жылы 12 ақпанда болған шайқаста Мәлібек Баймұратұлы ерлікпен қаза тапты...

Оның тағдыры жайлы мәліметтер ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келді. Алайда осы жолдардың авторының ізденісінің арқасында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатындағы №58 қор, №818883 тізім, №1013 іске тіркелген құжаттардың арқасында оның ерлікпен қаза тапқан жері мен мәңгілік мекені анықталды. Оның денесі алғашында Мгинск ауданындағы Пушечная тауына жерленді. Алайда соғыс аяқталғаннан кейін, оның сүйегі басқа майдангерлермен бірге Ленинград облысы, Киров ауданы, Новая Малукса мемориалында № 79050211 нөмірмен қайта жерленді.

Қорғасын зауыты мектебінің Мәлібек оқыған бір сыныбынан соғысқа аттанған 25 оқушының 22-сі соғыста қаза тауып, тек 3-еуі ғана соғыстан оралды. Аман-есен оралғандардың бірі – Амантай Байтанаев, бірі Кемел Тоқаев болды



Қорғасын зауыты мектебінің Мәлібек оқыған бір сыныбынан соғысқа аттанған 25 оқушының 22-і соғыста қаза тауып, тек 3-еуі ғана соғыстан оралды. Аман-есен оралғандардың бірі – Амантай Байтанаев, бірі Кемел Тоқаев болды

бала Мәлібек ес жиып, оң-солын танығанда Қаратаудан жақындары іздеп келіп, алып қайтуға ниет білдіргенде оларға ермей Тұрсын әкесінің жанында қалады. Тұрсын Төреханов Мәлібекті Шымкент қаласындағы қорғасын заводының жанындағы он жылдық мектепке тапсырады.

Тұрсын Төрехановтың өкіл ұлы Мәлібек Төреханов бұл мектепте еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесі Кемел Тоқаевпен бір сыныпта оқиды (1-қатарда 1-суретте – Мәлібек, 8-суретте – Кемел

оралды. Аман-есен оралғандардың бірі – Амантай Байтанаев, бірі Кемел Тоқаев болды.

Тура сол жылы, яғни 1942 жылы Мәлібектің өкіл әкесі Тұрсын Төреханұлы да ел іргесін шайқаған жаумен шайқасуға өзі сұрана жүріп аттанады.

Ұлы Отан соғысы жылдары ауданда мұғалім кадрлары тапшы болғандықтан, Тұрсындай азаматтар ауылға да өте қажет еді. Бірақ, тыныш жатқан ел шетіне жау тиіп, ойран салып жатқанда Тұрсын атамыз шыдамай, майданға өзі сұранып аттанады. Мектеп дирек-

торлығынан 1942 жылы Кеңес Одағының жауынгері ретінде аяғына етік киіп, иығына қаруын асынып, майдандағы жорық жолдарына аттанады. Қандай майдан жорықтары Полтава, Керемчук, Знаменка, Кировоград, Ново Украинка, Первомайск, Сандомир, Демойц, Ченстохов, Одер өзені бойындағы Берслау ауданын, Опель мен Перинберг, Найдштадт, Штейнау, Зольц, Штрелен мен Рыбник, Мейсен, Куркенау, Дрезден мен Прага қалаларын жаудан азат етуге белсенді түрде қатысып, ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының Бас қолбасшысы, маршал Сталиннің бұйрығымен Алғыс жарияланады. Жауынгерлік қанды жорықтардың куәсі ретінде «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Праганы алғаны үшін», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін» медальдарымен марапатталады.

1942-1943 жылдары офицерлер дайындайтын арнайы курстан өтіп, барлық кезде майданның алдыңғы шебінде жүреді. Майданда санитар, жауынгерлік қойма меңгерушісі, взвод партия ұйымының секретары болып та жауапкершілігі жетерлік міндеттерді де абыроймен атқарады. Майданда екі рет ауыр жарақаттанып, снаряд қопарған топырақтың астында көміліп қалған кезі де болды.

Қақаған қыста аяқтан сыз өткізіп, өкпесіне суық та тигізіп ауру тауып алған Тұрсын Төреханов «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей оқ пен оттың арасында жүріп туған жерге аман-есен оралады. Өкініштісі сол, бала кезінен бауырына басқан өкіл баласы, ерлікпен қаза тапқан Мәлібегін орыс орманының бір шетіндегі бауырластар қабіріне мәңгілікке қалдырып кетеді...

Тұрсын ата елге оралған соң Созақтағы Ленин атындағы жеті жылдық мектепте соғыстан бұрынғы директорылық қызметін жалғастырады. Әрі соғыстан бұрын түскен Алматыдағы мұғалімдер институтында сырттай оқуын одан әрі жалғастырып, 1947 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша диплом алып шығады.

Төреханов Тұрсын жасы келіп, зейнеткерлікке шыққанмен ауыр тағдыр соқпағы кері әсерін тигізбей қоймай, 1960 жылы 31 желтоқсанда жасы елуге толмай дүниеден өтеді.

Өзінің жарты ғасырлық аз ғана ғұмырында аштықты да, қуғын-сүргінде де, соғыс алапатын да көріп, бауырына басқан ұлынан да айырылған Тұрсын Төреханов өмірлік қосағы Шырынкүл әжемізбен жеті ұл-қыз тәрбиелеп, өсірді. Тұрсын атамыздың жары Амабекқызы Шырынкүл әжеміз де 105 жыл жасап, осыдан екі-үш жыл бұрын өмірден озды. Артында қалған жеті ұл-қыз, олардан тараған немере-шөберелері әр салада қызмет етіп жүр.

Қазақтың ардагер батырларын өз дәрежесінде құрметтеп жүрміз бе деген ой мазалайды. Ашаршылықта талай тағдырды құтқарып қалған, қуғын-сүргіннің қияметін көрген, бауырына басқан баласының қазасынан кейін соғысқа өзі сұранып барған Тұрсын Төрехановқа кезінде өзі директор болған мектептің есімін, немесе, аштықтан арашалап алып қалған ауданындағы бір көшенің есімін берсе деген ұсыныс-ойымыз бар. Қазақтың қилы тарихындағы әрбір батырдың есімі ұмытылмауға тиіс.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының ғылыми
қызметкері

Астана қаласының әкімдігі «Астана қаласының Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Тулекпаев Миранбек Уашұлының

кенеттен қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» төрағасы

Тулекпаев Миранбек Уәшұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық мүлiктi бүлдiру және бұзақылық пен вандализм үшiн жазаны қатаңдату қажеттiгiн мәлiм-дедi. Оны жүзеге асыру «нөлдiк төзiмдiлiк» қағидаты бойынша жүзеге асырылуы тиiс. «Нөлдiк төзiмдiлiк» қағидатын iске асыру барлық азаматтардың мемлекеттегi тәртiп пен қауiпсiздiк үшiн жауапкершiлiгiнен тұрады. Елiмiздегi қылмысты азайту және Қазақстандағы қоғамдық қауiпсiздiктi арттыру мақсатында 2012 жылдан бастап қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға төзеушiлiк ахуалын енгiзу жөнiндегi саясат белсендi түрде жүзеге асырылуда.

Астана қалалық прокуратурасының прокуроры Гүлмира Бекмұханованың айтуынша, прокуратураның үйлестiруiмен «Заң және Тәртiп» қағидатын жүзеге асыру аясында полиция мен жергiлiктi атқарушы органдар вандализммен күрес жұмыстарын жалғастыруда.

– Соңғы жылдары елордада бөтеннiң мүлкiне, оның iшiнде азаматтардың ортақ пайдаланатын заттарына зиян келтiру фактiлерi жиiлеп кеттi. Көбiне мұндай әрекеттердi адамдар қасақана жасайды, яғни саналы түрде, өздерiне есеп беру арқылы олар бөтеннiң мүлкiн бүлдiредi. Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың 3 қаңтарынан бастап вандализмге, мемлекеттiк және жеке меншiкке мүлiктi келтiру үшiн жаза күшейтiлдi. Президент Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодексiне тиiстi түзетулер енгiзуге қол қойды, – дедi прокурор.

Осылайша, бөтеннiң мүлкiн қасақана жою немесе бүлдiруге

ВАНДАЛИЗММЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА

Вандализм ғимараттарға, көлiктерге, қала инфрақұрылымына және жекеменшiк мүлiкке зиян келтiру арқылы көрiнiс табады. Ол көбiне қоғамдық орындарда, яғни ойын алаңдарында, саябақтарда, тұрғын үйлердiң кiреберiстерiнде, лифттерде және аялдамаларда жасалады. Осы құқықбұзушылық бойынша биылғы I тоқсанда атқарылған жұмыстар туралы Астана қаласының прокуратурасы ақпарат бердi.



әкiмшiлiк жауапкершiлiк енгiзiлдi (ӘҚБтК-нiң 147-1-бабы), осы ретте зақым келтiрсе 200 АЕК немесе 738 мың теңге сомасынан аспайтын көлемде айыппұл салынады.

– Жыл басынан берiп ұсақ құқық бұзушылықтарға «нөлдiк төзiмдiлiк» қағидатын iске асыру шеңберiнде Астана қаласының Әкiмшiлiк құқық бұзушылықтар жөнiндегi мамандандырылған ауданаралық соты ӘҚБтК-нiң 147-1-бабы бойынша (бөтеннiң мүлкiн қасақана жою немесе бүлдiру) 61 iстi қарады, оның iшiнде 40 адам қамауға алынды, 21 адамға 3 605 440 теңге көлемiн-

де айыппұл салынды. Мәселен, биыл 9 наурызда елорданың 27 жастағы тұрғыны бөтеннiң меншiгiндегi шлагбаумды қасақана зақымдаған. Сот оған 137 620 теңге айыппұл салды. Тағы бiр жағдайда 22 жастағы жас жiгiт мас күйiнде аялдама есiгiн қасақана зақымдаған. Ол 15 тәулiкке қамаққа алынды. Қоғамдық қауiпсiздiктi қамтамасыз етуге және елорданы абаттандыруға баса назар аударылады. Осыған байланысты жергiлiктi полиция алу шараларын қабылдауда, – дейдi Г.Бекмұханова.

Бүгiнгi таңда елордада Жедел

басқару орталығының 35 600 сыртқы бейнебақылау камерасы орнатылып, оны қызметкерлер бақылап, заң бұзушылықтарды тiркеп отыр. Тәртiп бұзушылар бейнебақылау камералары арқылы анықталады, оларды жаяу патрульдер де ұстайды. Түкiру, қоқыс және темекi лақтырылған фактiлерi анықталса, полиция отряды жiберiледi. Оқиға болған жерде тәртiп бұзушы анықталып, әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады және айыппұл салынады. Қазақстанда қоғамдық орында түкiргенi үшiн Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодекстiң 434-2-бабы

да басылымдарды бақылауға ерекше көңiл бөлiнедi. Мұндай басылымдарға дереу құқықтық баға берiлiп, тексеру шаралары жүргiзiлiп, кiнәлiлер жауапқа тартылады.

Қала прокуратурасы полиция органдарымен келiсе отырып, мұндай фактiлердi БАҚ-та тұрақты түрде жариялайды. Бөтеннiң мүлкiн қасақана жою немесе бүлдiрумен байланысты құқық бұзушылықтарды көбiнесе адамдар мас күйiнде жасайды. Құқық бұзушылық жасау себептерiнiң бiрi – азаматтардың құқықтық санасының жеткiлiксiздiгi, тұрмыстық және еңбек тәртiпсiздiгi, белгiленген ережелердi елемей, азаматтарға әкiмшiлiк-құқықтық бiлiм берудiң жеткiлiксiздiгi, алдын алуға жеткiлiксiз көңiл бөлу. Көптеген құқық бұзушылықтарды азаматтар заңдарды бiлмегендiктен жасайды.

– Әрбiр азамат өзiнiң азаматтық ұстанымын көрсетiп, ешқандай құқық бұзушылық жасамауы керек, тiптi ең кiшкентай болса да. Вандализм – бұл жай ғана мүлiкке зиян келтiру емес. Бұл қоғамдық тәртiпке, заңды құрметтеуге және ортақ меншiкке нұқсан келтiру. Мұндай құқық бұзушылықтардың жолын кесу – бiздiң, яғни полиция, мемлекеттiк органдар, оқу орындары, ата-аналар және әрбiр саналы азаматтың ортақ мiндетiмiз, – дейдi қала прокуроры.

Прокуратура елорда тұрғындары мен қонақтарына бөтеннiң мүлкiн қасақана жою немесе бүлдiру, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын iс-әрекет белгiлерi болмаса, 60 АЕК-ке дейiнгi мөлшерде айыппұл салуға немесе 30 тәулiкке дейiнгi мерзiмге әкiмшiлiк қамаққа алуға әкеп соғатынын ескертедi.

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ «ӨРКЕН» қоғамдық бірлестігінің жабылатындығын хабарлаймыз. БСН 161040016416. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қ., Әлихан Бөкейхан ауданы, «Голубые Пруды» шағын ауданы, тел.: +7 775 071 2491.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА БЮДЖЕТТІК ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІНІҢ ЖҮЙЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тексеру комиссиясының негізгі бағыты жергілікті бюджетті тиімді басқаруды қамтамасыз етуге, өңірлік мүдделерді қорғауға, бюджеттік саясаттың жаңа тұжырымдамаларын жүзеге асыруға және қаржылық тәртіпті күшейтуге бағытталған, бұл қолданыстағы экономикалық тетіктерді бағалауға және жергілікті бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін ұтымды пайдалануды арттыру бойынша ұсынымдарды жедел әзірлеуге мүмкіндік береді.

2025 жылдың I тоқсанында Астана қаласы мәслихатының төрағасы мен депутаттары, елорданың әкімінің орынбасарының қатысуымен 3 аудиторлық іс-шара жүргізіліп, отырыстар өткізілді, онда 17 объекті қамтылды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен мекемелерде – 3; квазимемлекеттік сектор объектілерінде – 14. Аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы сомасы 55,5 млрд теңгені құрады.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 12,3 млрд теңге қамтылды немесе аудитпен қамтылған қаражаттың 22,1% көлемінде бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар – 1,2 млрд теңге, олар бюджетке өтелуге және/немесе құжаттарды сәйкес келтіру және/немесе жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге тиіс;
 - 2) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 9,8 млрд теңге;
 - 3) тиімсіз жоспарлау – 1,3 млрд теңге.
- Бұдан басқа, аудит объектілерінің қызметінде процедуралық рәсімдерді орындауда 493 бұзушылық және 58 жүйелік кемшілік анықталды.
- Бүгінгі таңда қаржылық бұзушылықтардан өтелуге тиіс 248,5 млн теңгенің 205,7 млн теңгесі (82,7%) өтелді, қалпына келтіруге тиіс 923,9 млн теңгенің 751,8 млн теңгесі (81,4%) қалпына келтірілді.

Астана қаласының әлеуметтік-мәдениет, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы аудиторлық

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының қазіргі жағдайдағы мемлекеттік аудит жүйесіндегі қызметі және оның тиімділігі елорда үшін барынша тиімді өз миссиясының сапалы орындалуына байланысты.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ – ЖОСПАРЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ БОЛМАУЫ

Мәдениет саласында негізгі стратегиялық құжаттар: қаланың Даму жоспары, мәдени саясат және креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасы мен бюджеттік бағдарламалар арасында келісімнің жоқтығы байқалады. Мәдениет басқармасы мен ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметінің нәтижелілік көрсеткіштері мен жетістіктерінің нақты нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік бермейді.

Тиімді мониторингтің болмауы, есеп беру деректерінің бұрмалануы және бюджет қаражатын жоспарлау кезінде басқарушылық тәртіптің нашарлығы айтарлықтай қаржылық шығындарға әкелді. Тек 2022-2024 жылдары 460 млн теңгеден астам сомаға субсидиялар артық төленген, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді мақсатсыз пайдалануға жол берілген, сондай-ақ бюджеттік өтінімдерді жасаудағы жүйелік қателіктер жіберілген.

Мәдениет басқармасы бюджеттік заңнаманы бұза отырып, субсидиялауға жататын ұйымдарға жатпайтын «Мәдени іс-шараларды өткізу жөніндегі дирекция» МКҚК шығындарын жабуға жалпы сомасы 7,6 млрд теңге (2022 жылы – 2,3 млрд теңге, 2023 жылы – 4,1 млрд теңге және 2024 жылы – 1,2 млрд теңге) субсидиялар бөлініп, тиімсіз жоспарлауға әкелді.

БІЛІМ САЛАСЫ – ЕҢБЕК НАРЫҒЫМЕН НАШАР БАЙЛАНЫС ЖӨНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіби мамандықтары бойынша маман түлектерді жұмысқа орналастырудың төмен деңгейі анықталды, еңбек нарығының қажеттіліктеріне қарай қалыптастырылатын мемлекеттік тапсырыстың болуына қарамастан жұмысқа орналастыру орта есеппен 47,5% құрады, бұл колледждердің жұмыс берушілермен өзара нашар байланысын көрсетеді.

Білім басқармасы мен ТжКБ ұйымдары арасында жасалған шарттар сомасын және кадрлар даярлау бағытын негіздейтін, сондай-ақ ТжКБ ведомстволық бағынысты ұйымдарының жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативіне енгізілген шығыстарын қосымша қаржыландыру есебінен бюджет қаражаты жұмсалғанын түсіндірулер жоқ). Тиісті негіздемелерсіз штат бірліктерін асыра бағалау, еңбекақы төлеу қорын тиімсіз жоспарлау, асханаларды ұстауға және ынталандырушы үстемеақыларды төлеу басқарушылық мәдениеттің төмендігі мен немқұрайлықты көрсетеді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ – ДӨРІГЕРЛЕРДІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӨНЕ ДӨРІГЕРЛІК САПАНЫҢ ЖОҒАЛУ ҚАУП

Емханаларда дәрігерлерге шамадан тыс жүктеменің артылуы байқалады: бір

медициналық ұйымға орта есеппен 40 мың қала тұрғыны келетінін көрсетеді. Астанада көші-қонның өсуі және МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған халықтың болуы ауруларды дер кезінде анықтауды және медициналық көмектің кепілдік көлемін алуды қиындатады.

Медициналық қызмет сапасы төмендеуінің негізгі факторлары дәрігерлер жалақысының төмендігі мен олардың жұмыста «эмоционалдық шалдығуы» болып тұр. Қаражатты жоспарлау мен пайдаланудағы, дәрі-дәрмек пен жаңа-дықты сатып алудағы бұзушылықтар да елеулі шығындарға алып келген: мысалы, Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынған дәрі-дәрмек пен құрал-жабдықтар бағасының жоғарылауынан экономикалық шығындар 296,6 млн теңгені құрады.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ведомстволық бағынысты ұйымдарында еңбекақы төлеу қорын есептеу кезінде мемлекеттік активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға 881,6 млн теңгеге әкеп соққан бюджеттік жүйе қағидаттарының бұзылуына жол берілген.

Сонымен қатар, аудит медициналық ұйымдардың қызметі процесінде негізгі құралдардың пайдаланылмауы анықталды, бұл мемлекеттік активтердің 83,2 млн теңгеге тиімсіз пайдаланылуына әкелген (№11 Емханада сатып алынған негізгі құралдар (ұйымдастыру техникасы) 4,9 млн теңгеге пайдаланылмайды және қоймада сақталады; № 14 емханада құны 29,3 млн теңге болатын екі автомобиль көлігі «№3 көпсалалы балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК-не берілген; лицензияның кеш алынуына байланысты құны 10,2 млн теңге болатын «Медиолла-Компакт» медициналық лазерлік сәулелену аппараты пайдаланылмайды; № 13 Емханада 15,9 млн теңге сомасына 7 бірлік автокөлік жұмыссыз тұр, сондай-ақ баланстық құны 22,8 млн теңге салынған тұрғын емес үй-жайларды жөндеу қажеттілігі себебінен пайдаланылмайды).

Әлеуметтік салаларда қалыптасқан

жағдай басқару тәсілдерінде жүйелі өзгерістерді, жауапкершілік тетіктерін енгізуді, цифрлық мониторингті және нақты нәтижелерді бағдарлауды қажет етеді.

Толығырақ ақпаратты Тексеру комиссиясының www.rkastana.gov.kz ресми сайтында орналастырылған аудиторлық қорытындылардан білуге болады.

Аудиторлық іс-шаралар барысында анықталған бұзушылықтар бойынша есепті кезең ішінде аудит объектілерін тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сот және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жалғастырылды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша 54 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті органдарға және сотқа қарау және шешім қабылдау үшін 58 факті бойынша материалдар жіберілді, оларды қарау нәтижелері бойынша:

- 34 факті бойынша 6,2 млн теңге сомасына айыппұл салумен заңды тұлғалар мен лауазымды тұлғалар тартылды;

- 18 факті бойынша әкімшілік іс жүргізу қаралу сатысында.

Сондай-ақ Тексеру комиссиясы 8 әкімшілік іс қозғады, оның 7-уі қаралып, 1,3 млн теңгеге айыппұл салынды.

Сонымен қатар, есепті кезеңде жергілікті уәкілетті органдар мен аудит объектілеріне жұмыста анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша 19 ұсыныс және 60 тапсырма жолданды.

Мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзушылықтардың алдын алу және азайту мәселесі Тексеру комиссиясының тұрақты бақылауында және қаржылық тәртіпті нығайту мақсатында осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылатын болады.

«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ

Отыз жылдан астам мемлекеттік қызметте болған жылдар – маман ретінде өсіп, мені тың саланың ізашары ретінде танытқан қымбат кезең. Қазақ лингвистикасында бұрын зерттелмеген соны тақырыпқа тереңдеуіме жол ашылуымен қымбат. Күнделікті қызметіммен, ізденіп, зерделеуіммен, ғылыми еңбек жазуыммен елімізде ілеспе аударманың дамуына қосқан үлесім еленуімен қымбат. Қызық та қиын сол жолымда жақсы жандардың ақыл-кеңесі, жол сілтеген жанашырлығы тың саланың ізашары болуыма ықпал еткенін айту – парыз.

Олар – қазаққа аты белгілі ғалымдар Зейнолла Серікқалиев, Нұрсұлу Шаймерденова, Бақытжан Әбдірайымов. Алдыңғы екі тұлға туралы жазғанмын, бүгін, жолымыздың түйісу ретіне қарай және өмірінің мерейлі белесіне көтерілуі қарсаңында Бақытжан Жарылқасынұлы Әбдірайымов туралы лебізімді білдірмекпін.

Ол кісіні сырттай білсем де өзім қызмет ететін Парламент Сенаты аппаратының басшысы болып тағайындалғанда алғаш рет көрдім. Наурыз мерекесіне арналған іс-шара өтіп жатқан, оған Бақытжан Жарылқасынұлының көппен бірдей атсалысып, әзіл-қалжың айтып, мерекеге халықтық сипат беруге ұмтылғанына ішім жылып қалды. Бұдан 20 жыл бұрын ұлттық киім кию қазіргідей сәнге айналмаған кез еді. Ол кісінің үстіне оюлы қысқа шапан кигенін бәріміз де байқадық. Ресми құттықтауынан кейін қолына домбыра алып, ән салды. Бұрын аппаратта орысша сөйлейтін басшыларды ғана көріп жүрген маған Сенат ғимаратына қазақ рухы кіргендей әсер етті...

Арада бірер айдай өткенде аппарат басшысы шақырып жатыр деген соң кабинетіне келдім. Оның алдында ғана бөлімдерге Сенат аппаратында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы шағын нұсқаулықтың жобасы таратылған. Өз бөлімімізде талқылаған кезде мен тыныш отырмай, ол құжаттың бір-екі тармағын сынап тастаған болатынмын. Адамның басына әуелі «негатив» ой келеді ғой, басшының шақыртуын іштей сонымен байланыстырып, кабинетіне «Сыбағамды беретін шығар» деген оймен кірдім. Кіргенде Бақытжан Жарылқасынұлының алдында менің жеке парақшам жатқанын көзім шалып, ішім қылп ете қалды.

Ойлағанымдай, ол кісі әңгімені сол құжаттан бастап, пікірімді сұрады. Жымыиып қойдым. «Неге жымыдыңыз?» – деді салмақпен.

«Бақытжан Жарылқасынұлы, мен мемлекеттік қызметте жүргеніме он бес жылдан асты. Ықпал-жықпал, қалтарыстарын бір адамдай білемін. Қазір де «Құжатты мақтап, аман-есен кетейін бе, әлде шынымды айтып, сөгіс естін бе?» деп ойлап отырмын» дедім мен де салмақпен сөйлеп.

«Неге сөгіс естисіз? Бізге мақтаудан гөрі кемшілікті көрсететін сындарлы сын керегірек. Егер әділетті болса, әрине. Айтыңыз, ойыңызды дәлелдей алсаңыз, әділетсіз шешім қабылданбайтыны анық» деді.

Осы сөздерін арқаланып, мен бөлімде айтқан пікір-

Өмір қызық. Кейбір адамдар, талай жыл аралас-құралас болып жүрсең де, кейін тіршіліктің басқа сұрлеуімен кеткенде олардың өз өмірінде еш із қалдырмағанын байқайсың. Ал кейбір адамдар жолыңда кездейсоқ кездесіп, тың іске тәуекел жасауыңа ықпал етеді. Сірә, ол жандардың жаңа көрген адамның қабілет-қарымын байқап, соны дамытуға бағыт беретін адамтану интуициясы зор шығар... Ортамызда сондай, ісі «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халықтық қағидаға сәйкес жандар көп екендігі қуантады. Менің де еліміз тәуелсіздік алғанға дейін көбіміз көріп-білмеген «ілеспе аударма» деген салаға келуіме, оны зерделеп, диссертация қорғауыма жетелеген – еңбек жолымда кездескен сондай жандар.

лерімді тікелей өзіне айтып бердім.

«Әрине, мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатын іске асыру үшін мекеменің басшылыққа алатын ішкі құжаты болғаны жөн. Мына құжат сонысымен құнды, – деп бастадым. – Бірақ кейбір жерлері мүлде дұрыс емес. Мысалы, аударма бөлімін таратып, аудармашыларды әр бөлімге бөліп беру туралы, бөлім қызметкерлерінің бәрі ілеспе аударма жасауы керек деген ұсыныстар түбірімен қате!»

Аппарат басшысы тіпті қабақ шытқан жоқ. Мен сөзімді жалғадым.

«Мақсат қызметкерлердің мемлекеттік тілді үйренуі емес пе? Ал мынадай жағдайда ешқайсысы үйренбейді. Әдеттегідей орысша жазып, жұмыс аяғында аудармашыға үйіп-төгіп береді де, бастары кекжиіп, үйлеріне кетеді. Меніңше, үйренуі үшін олар өздері қазақша жазуы керек, мейлі, 2-3 сөйлем жазса да жазып, аудармашылар редакциялауы керек. Сонда лауазымы өзінен төмен қызметкердің жазғанын шимайлап қайтаруы намыстарына тиері анық...

Мұндай жай өз басымнан өткен. Он жыл журналда істеп, ондағы бүкіл қағазды аударып, «мықтымын» деген сеніммен келгенімде, аудармамды түзетіп, шимайлап берген. Қатты намыстанып, іштей «қап, бәлем, өзге қалам тимейтіндей аудармашы болмасам ба?!» дегем...

– Сертіңізге жеттіңіз бе?
– Әрине, жеттім. 2003 жылы аудармашылардың республикалық байқауының бас жүлдесін жеңіп алдым. Намыстанып, әйел басыммен сондай жетістікке жеттім. Ал аппараттағы жауапты қызметкерлердің басым көбі – ер-азаматтар ғой...

– Жөн дейік... Ал аудармашылардың бәрі ілеспе аударма жасауы керек деген ұсынысқа неге қарсысыз?

– Өйткені бәрі ілеспе жасай алмайды. Қолдарынан келмейді.

– Неге келмейді? Бәріңіз де жазбаша аударма жасайсыздар ғой.

– Мәселе мынада: Наурыз мерекесінде ән айтқыңыз ғой, қайырмасына бәріміз қосылдық. Есіңізде ме?

Ол кісі жымыиып қойды. (Сол күнгі атмосфераны көз алдына елестеткен болар...)

– Біз бәріміз ән айтамыз ғой: дастарқан басында 15-20 адам әке туралы, ана туралы, достық туралы әндерді қосылып айта береміз. Ал солардың ішінен қайсысы суырылып шығып, оркестрге қосылып ән айта алады? Немесе, демалыста конькиімізді алып, топ-топ болып сырғанаққа барамыз. Солардың нешеуі мәнерлеп сырғанауға бара алады?

Ілеспе аударма да сондай. Оны жүзеге асыру үшін аудармашының бойында қосымша көп қасиет-қабілеттер болуы керек. Екі тілде еркін, таза сөйлеуі керек; Реакциясы жылдам болуы керек; Сөздік қоры мол болуы керек; Даусы жағымды болуы керек...» деп айтып жатырмын, айтып жатырмын.



АДАМТАНУ ИНТУИЦИЯСЫ

“

Наурыз мерекесіне арналған іс-шара өтіп жатқан, оған Бақытжан Жарылқасынұлының көппен бірдей атсалысып, әзіл-қалжың айтып, мерекеге халықтық сипат беруге ұмтылғанына ішім жылып қалды. Бұдан 20 жыл бұрын ұлттық киім кию қазіргідей сәнге айналмаған кез еді

– Бұл туралы неге жазбайсыз? Басқа аудармашылардың үйренуі үшін керек емес пе? – деп сұрады. Жүзінде реніш бар сияқты көрінді.

Орыстарда «Погибать так с музыкой!» деген сөз бар ғой. Неге екенін білмеймін, бойымды бір батылдық билеп алды. «Жазып жүрмін, – дедім. Таяуда ғана «Жұлдыз» журналында мақалам шықты.

– Алып келіңіз, – деді Бақытжан Жарылқасынұлы қысқа сөйлеп.

Парламент кітапханасына барып, «Жұлдыз» журналының мақалам шыққан санын алып келдім.

Журналды оқи бастады. Байқаймын, оқыған сайын өңі өзгеріп, бір жылулық пайда болғандай. Сәлден кейін басын көтеріп:

– Мынау – ғылыми мақала ғой, диссертация қорғамай-

сыз ба? – деді ойлана қарап.

Бұл біраз жылдан бері маған жиі қойылатын және қабілетімді байқаған жандарға жөнді жауап бере алмай, жанымды ауыртып жүрген сұрақ еді. Мемлекеттік қызметте жүрген біздей адамдардың ғылыммен айналысуы – өтуі қиын кедергілерден тұратынын түсініп, ішім удай ашып жүрген кез болатын. Міне, сол сұрақ тағы алдымнан шықты.

Бұл әңгімеден бұрынырақ Тіл комитетінің сол кездегі төрағасы Бауыржан Омаров мемлекеттік тілге қатысты үлкен жиында ілеспе аударма жасауға шақырған еді. Сол жиында менің ілеспе аударманы зерттеуім керектігін ұқтырған екі кездесу болды.

Біріншісі, Мұхтар Шахановтың сөзін аударуым еді. Сөз кезегі келгенде М.Шаханов өзіне тән интонациямен жігерлене, жеріне жеткізіп сөйлеп, әдетінше өлең оқи жөнелді. Ілеспе аудармашылардың көбін тығырыққа тірейтін жайлардың бірі – осы. Ол жерде маған Шаханов шығармашылығынан хабардар екендігім, кейбір өлеңдерін жатқа білетінім, біраз ақынның өлеңіне жолма-жол аударма жасағаным қатты көмектесті, ақынның өлендеткен сөзін еш қиналмай аударма бердім.

Үзілісте Бауыржан Омарұлы мені ақын ағамызбен таныстырды. «Мұха, жаңа сіз өлең оқи жөнелгенде аудармашылар қайтеді екен деп зәрем ұшып кетті. Жалма-жан тыңдауышты алып тыңдасам, Кәмекең түк те саспай өлеңді аударып отыр!» деді сүйсіне сөйлеп. «Ай-налайын!» деді Мұхамет (толқып тұрғандығымнан болар, маған ол кісі «Ай-до-лай-и!» деп айтқандай естілді).

Бұл жақсылықтың басы екен. Одан кейін жаңа ғана өзім сөзін аударған кісілермен шәй үстелі басында кездестік. Солардың біреуі филология ғылымдарының докторы Нұрсұлу Шаймерденова менің «Аудармашы» деп жазылған бәйджігіме қарап: «Жаңа Мұхтар Шахановты аударған сіз бе?» деп сұрады. «Менмін» десем, «Сонда өлеңді қалай аудардыңыз?» дейді танданып. «Оның түрлі тәсілі бар. Және ақынның шығармашылығымен таныс болуым да көмектесті» деймін. Ғалым: «Осы тақырыпта қорғағыңыз келмей ме?» деп сұрады. Мен әдетімше, мемлекеттік қызметте мүмкіндік жоқ екенін алға тартам ғой баяғы. «Все равно надо защищаться», – деді ол нық сөйлеп. – Если надумаете, позвоните» деп есімхатын берді. Мен де ұсындым.

Келесі күні жұмыста отырсам, Нұрсұлу Жамалбекқызы «Мен келіп тұр едім, төмен түсіңізші» деп телефон соқты. «Маған кешегі әңгімеміз ой салып, біраз ақпарат жинадым. Ілеспе аударма біздің

беріп жатыр? Таяуда Мемлекеттік қызмет академиясына шақырған, дәріс оқуға жұмыстан 3 сағатқа босатпады...

Шағынғандай болғанымды сезіп, кілт тоқтадым.

– Мен жіберем, – деді басшымыз журналды өзіме қайтарып беріп жатып, ізденіңіз, зерттеңіз. Қолыңыздан келетінін байқап тұрмын.

Сосын жымыя күліп, қолын созды:

– Келістік пе?

Көп ұзамай Бақытжан Жарылқасынұлы басқа қызметке ауысты. Біз бұрынғы әдетпен бітпейтін жұмыстың соңындамыз: қағаздарды жазып, аударып, редакциялап, одан қалды ілеспе аударма жасап, малтығып жүргенбіз. Ғылыми зерделеу ісінде де түрлі бюрократиялық қағаз толтыру, қол жинау сияқты шаруалардан көңілім қалып, «Қорғамай-ақ қойсам қайтеді?» деген ой қылаң беріп жүрген.

Сол күндердің бірінде шаршап, ілбіп басып келе жатыр едім, қара түсті жеңіл машина өте беріп, тоқтады. Жақындай бергенде байқадым: Бақытжан Жарылқасынұлы көліктен шығып, тосып тұр екен. Амандасып, жағдай сұрастық. «Диссертация не болып жатыр? Қорғау жақындаған болар?» деді бір кезде. Ойымды сезіп қалғандай, жүзім ду етті. Қыпылықтап: «Иә. Жүріп жатыр. Жақындады» дедім қысқа ғана. Ол кісі кабинетінде әңгімелескен кездегідей салмақтай сөйледі:

– Камал Әбілқасымқызы, бұл тақырыпты сізден басқа ешкім терең білмейді. Біліп тұрып, соны ғылыми негізде-месеңіз, өзіңіз өкінесіз ертең. Сондай бір жұмыс қорғалмаса, ғылымымызға да обал болады...

Диссертациямды қорғау кезінде ғылыми жетекшім профессор Нұрсұлу Шаймерденова менің жұмысымның ілеспе аударма зерттеу нысаны болған Қазақстандағы тұңғыш зерттеу екенін мақтанышпен атап өтті. Сонда Мәскеудегі Патрис Лумумба атындағы халықтар достығы университетінің (РУДН) профессоры Ұлданай Мақсұтқызы Бақтыкереева ол кісіге қарап: «Коллега, я скажу больше. Жалпы орыс тілі мен ағылшын, қытай, испан... т.б. шет тілдері арасындағы ілеспе аударма жасау мәселелері жақсы зерттелгенмен, менің білуімше, орыс тілі мен кешегі кеңестік елдер тілдері арасында ілеспе аударма жасауды зерттеу нысаны еткен еңбек жоқ. Сондықтан сіздер – ТМД-дағы тұңғышсыздар» деген еді.

Мәскеулік ғалымның осы сөздерін естігенімде еліміздің аты озуына аз ғана үлес қосқаным үшін кеудемді мақтаныш кернеді. Өзімнің осы қиын да қызық жолға түсуіме себепші болған аға буынның өкілі, көрген Зейнолла Серікқалиевті алғыспен еске алдым. Замандасым, ғылыми интуициясы терең Нұрсұлу Шаймерденованың, бізден кейінгі толқын өкілі, ойы озық, ұлттық намысы зор Бақытжан Әбдірайымовтың ортамызда жүргеніне, әлі талай жанға жол сілтейтініне қуандым.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты, «Үздік аудармашы» республикалық байқауының тұңғыш жеңімпазы, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері



КҮМІС КІСЕ МҰРАЖАЙҒА ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың мұрасын жинақтап, сақтауды жалғастырып келеді. Осы жұмыстар аясында музей қорына Ақмола өңірінің тумасы, көрнекті қоғам қайраткері, бай-меценат, асыл тұқымды жылқы шаруашылығының негізін қалаушы, саятшылық пен этнография өнерін жаңғыртушы тұлға – Нұрмағамбет Сағынайұлына (Паң Нұрмағамбет) тиесілі көне кісе белдік ресми түрде қабылданды.

Құнды бұйымды музейге Паң Нұрмағамбеттің ұрпағы, Сағынай бидің жиені Марат Нәби тапсырды. Оның айтуынша, музейге тапсырылған бұл тарихи жәдігер Арқа өңірінің биі Сағынайдың ұлына арналып арнайы жасалған. 1976 жылы атасы Нәби белдіктің күміс әшекейлерін сақтап, былғары бөлігін жарнатып, қайта қалпына келтірген.

«Бұл белдік – біздің отбасымыз үшін жай ғана мұра емес, ата-бабамыздың рухани аманаты. Паң Нұрмағамбет – өз дәуірінің ғана емес, бүгінгі ұрпаққа да үлгі болатын тарихи тұлға. Оның мұрасын халықпен бөлісу – біздің азаматтық борышымыз» деді Марат Әскенұлы.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген тарих ғылымдарының докторы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Марат Әбсеметов С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы Паң Нұрмағамбет бейнесіне тоқталып, оның тарихи рөліне жан-жақты талдау жасаса, музей директоры Берік Әбдіғалиұлы

Паң Нұрмағамбеттің асыл мұрасы еліміздің тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосатынын атап өтіп, белдік алдағы уақытта ғылыми айналымға енгізілетінін және арнайы тақырыптық экспозициялар арқылы көрсетілетінін жеткізді.

Қазақ тарихында Паң Нұрмағамбет атымен қалған Нұрмағамбет Сағынайұлы өмір бойы халқына қызмет етіп, төрт мәрте қажылық сапарға барған. 1908 жылы Шам қаласынан қазақ қажылары үшін арнайы үй сатып алып, ауылында ағаш мешіт салдырған адам. Ол 1891 жылы Омбыға ІІ Николай келгенде, ол үшін сән-салтанатпен ақ киіз үй тіккізіп, 1000 жылқы сыйлаған. Аталған киіз үй қазіргі таңда Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы. Сонымен қатар, Паң Нұрмағамбет 1896 жылы ІІ Николайдың таққа отыру рәсіміне қатысқан. Паң Нұрмағамбет – Алаш қозғалысы жетекшілері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовты қолдап, ұлт мүддесіне қаржылай көмек көрсеткен тұлға.

БҮГІННІҢ АСАНЫ МЕН ҮСЕНІ

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында «Асан мен Үсен» ертегісінің премьерасы өтті. Туынды авторы – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Бақытбек Қадыр. Қоюшы режиссері – Нұржігіт Мүсілімов.

Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» ертегісінің желісімен жазылған қойылым қазіргі заманға лайықтап сахналанған. Басты идеясы – бүгінгі балаларды смартфон мен планшетке телміруден арылтып, кітап оқуға шақыру.

Ертегінің түпнұсқасында ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, жұртта қалатын Асан мен Үсен көшкен ауылды іздеу жолында бастарынан түрлі оқиғаларды кешетіні белгілі. Сонда Асан түрлі қиындық кездескенде жылай бастайды, ал Үсен керісінше сабырлық пен тапқырлық танытып, әкесінен көргенін істейді. Соның арқасында екеуі аман-есен үйлеріне жетеді.

Сол сияқты спектакльдегі Асан мен Үсен ата-аналарымен бірге табиғат аясына демалуға шығады. Бірақ үлкендер ойнап кеткен балаларды ұмытып, қайтып кетеді. Ертегідегідей секілді балалар жол іздейміз деп біраз оқиғаны бастан кешеді.

Бұрынғы балалар ертегімен,



жыр-дастандармен тәрбиеленді. Шындығында бұл халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бала тәрбиесінде алар орны зор. Қойылым авторлары Асан мен Үсенді ертегілер әлеміне сүңгітіп жібереді. «Ер Төстік» ертегісіндегі жер асты патшалығы, жылан Бапы ханның ордасы, Саққұлақ, Көлтауы-

сар, Желаяқ, Темір хан – бәрімізге бала кезімізден таныс. Сондай-ақ бәйтерек басына ұя салатын Самұрық құс, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір сынды ертегі кейіпкерлерін білеміз. Қойылымда Асан мен Үсен осы кейіпкерлермен кездеседі. Сол арқылы кітап оқудың маңызын түсінеді.

БІРЛІК МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

Астанадағы «Жастар» театры маңында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік мәдени іс-шара өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – еліміздегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулықты, бейбітшілік пен келісімді дәріптеу, жастардың бойына ұлттық қағидалықтар мен достық рухын сіңіру.



Бағдарлама аясында еліміздің руханиятын, бірлігін, достығын жырлайтын әндер шырқалды, ұлттық ойындар ойнатылды, сондай-ақ көпшілікке арналған мәдени-ойын-сауық бағытындағы шаралар ұйымдастырылды.

«Бүгін «Жастар» театры алаңында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған шара өтті. Әр ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеп, бір сахнада тоғыстыру – нағыз рухани мереке! Театрландырылған ән-күй, ұлттық ойындар – барлығы да астаналықтар мен қала

қонақтары үшін ұйымдастырылды. Ең бастысы, әр адамның жүзінен қуаныш пен бірлік сезілді. Бейтаныс адамдардың өзі бір-бірімен жылы сөйлесіп, күліп, бірге ойнап, билеп, көңіл көтерді. Театр әртістері де тек театр сахнасында ғана емес, осындай ашық алаңда халықпен жүздесу арқылы елдің жүрегіне жол таба алатынын дәлелдеді. Осындай қуанышты күндер көп болғай! Бірлігіміз жасай берсін!» деді «Жастар» театрының медиа және қоғаммен байланыс жөніндегі маманы Аяулым Асқар.


3 МЫҢ АДАМ ЖҮГІРДІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Бірлік жүгірісі – 2025» республикалық жарысы өтті. Оған кәсіби спортшылардан бастап, белсенді өмір салтын ұстанатын азаматтарға дейін түрлі жастағы және әртүрлі ұлт өкілдері қатысты. «Бірлікке 30 жыл – Ассамблеяға 30 жыл» ұранымен өткен шараға 3000-нан астам адам жиналды.



Жарыс бағыты ЭКСПО аумағынан «Бәйтерек» монументіне дейін, одан әрі Түркістан мен Ақмешіт көшелері арқылы қайта ЭКСПО-ға оралды.

Бірлік, достық және салауатты өмір салтының маңыздылығын насихаттаған бұл жарыс бірнеше қашықтық бойынша өтті. Қатысушылар өздеріне ыңғайлы форматты тандап, жарысқа белсене қатысты. Ең жас және ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін 1 шақырымдық қашықтықта балалар мен инклюзивті жарыстар ұйымдастырылды. Скандинавиялық жүріспен айналысушылар 5 шақырым жолды жүріп өтті. Сонымен қатар, жаппай қолдау жарысы да өткізілді. Тәжірибелі жүгірушілер 10 және 21 шақырым қашықтықтағы сертификатталған бағдарларға шықты. Қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай санаттарға бөлінді. Жарыс аясында 30 шақырым (6×5 шақырым) командалық



эстафета өтті. Шарт бойынша әр команда құрамында кемінде бір әйел адам болуы тиіс.

Іс-шара соңында қатысушылар мен қонақтар үшін жүлделер ұтыс ойыны ұйымдастырылды. Қа-

тысушылар жарыс қашықтығын еңсеріп қана қоймай, сайыстан кейін айналадағы қоқысты жинап, «Таза Қазақстан» акциясына да қатысты.

«Спорт бәрімізді бір арнаға

тоғыстырады. Бүгін түрлі ұлт пен жастағы адамдармен бірге жүгірдім, міне, бұл – нағыз ұлттар арасындағы достықтың белгісі» деп марафон қатысушыларының бірі өз әсерімен бөлісті.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 51
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ